

Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша

Cougar қуат беру блогы.

Модель: XTC650 PLUS.

Құрылғының қолданылуы

Жүйелік блоктың қуат блогы ДК барлық компоненттерін желілік кернеуді түрлендіру жолымен электр энергиясымен қоректендіруге арналған. Қуат беру блогының тұрақтылығын және жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін, қателерге жол бермеу, сондай-ақ өнімнің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау (орнату) тәсілі пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған.
- Құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі аралықта және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында орындалуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейінірек қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және тиісінше қарамаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталған кезде дереу авторластырылған сервис орталығына хабарласу немесе аспапты кәдеге жарату керек.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. ықпал етуінен сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Модель:	Тұрақты ток кірісі	Тұрақты ток шығысы					
		+3,3 В	+5 В	+12 В	-12 В	+5Vsb	Максималды жүктеме
XTC650 PLUS	200–240 В 50 Гц 6,3 А	18 А	20 А	52 А	0,3 А	3 А	650 Вт
		130 Вт		624 Вт			

Коннекторлар	Негізгі қуат беру ағытпасы	ОП қуат беру ағытпасы	Перифериялық ағытпа	S-ATA ағытпасы	PCI-E ағытпасы
Кабель	24(20+4) түйіспелі	8(4+4) түйіспелі	4 түйіспелі	5 түйіспелі	8(6+2) түйіспелі
XTC650 PLUS	1	1	2	6	4

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Компьюкейс Энтерпрайз Ко., Лтд.

№ 225, 54 тар жол, Ань Хо тас жолы, секц. 2, Тайнань қ., Тайвань.

Өндіріс филиалы: Дунхуа Электроник Текнолоджи Ко., Лтд.

№ 159, Цинчжан тас жолы, Чаншанью д., Цинси, Дунгуань қаласы, Гуандун провинциясы, Қытай.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі»;

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>



Өндірілген күні өнімнің сериялық нөмірінде көрсетілген.

Толық жазылуы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген.

Кепілдік мерзімі қаптамада көрсетілген.

COUGAR XTC 650 PLUS қуат беру блогы

Пайдаланушының нұсқаулығы

КІРІСПЕ

Құрметті сатып алушы! Сізге біздің **COUGAR** сауда маркасындағы қуат беру блогын (ҚББ) таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Бұйымды сіздің дербес компьютеріңіздің (ДК) корпусына орнатар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуды сұраймыз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

COUGAR сауда маркасындағы ҚББ электр-магнитті сәулелену деңгейі (EMI) 15 dB-дан аспайтын компьютерлік металл корпустарға ғана орнатылуы мүмкін құрамдас бұйымдар болып табылады. Олар тек үйде немесе офисте ғана пайдалануға арналған.

ҚББ-ны ДК корпусына орнату үшін тек жиынтыққа кіретін бұрандаларды пайдаланыңыз. ҚББ-ның № 1 қорғаныс сыныбы бар. Жерге тұйықтау контактісі ҚББ-ның металл корпусына тікелей жалғанған. ДК мен ҚББ арасындағы контактінің сенімді екендігіне көз жеткізіңіз.

ҚББ-ны ешқашан өз бетінше ашпаңыз. ҚББ-ның ішінде кернеудің жоғары болуынан адамның өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп айқын. Тіпті ажыратқаннан кейін де ҚББ-да айтарлықтай ұзақ сақталатын қалдық кернеу болады. ҚББ-ны ішкі тексеру мен жөндеу жұмыстарын тек авторландырылған сервис орталығының маманы ғана атқарады. Егер ҚББ рұқсатсыз ашылған болса, өндіруші оған кепілдікті күтім жасау міндеттемесін өзінен алып тастайды.

Өзіңіздің ҚББ-ны электр желісіне ұзақ уақыт қосуды күйінде қараусыз қалдырып кетпеңіз — ҚББ-ның ажыратқышын «О» күйіне ауыстырыңыз немесе ашаны розеткадан суырып алыңыз.

ҚББ-ны ішіне су кіріп кетуден қорғаңыз және оны ылғалдылығы аса жоғары жағдайларда пайдаланбаңыз.

ҚББ кернеуі 200–240 V / 50 Гц электр желілерінде жұмыс істеуге есептелген.

ҚББ-ның қалыпты жұмыс істеуі үшін өз жүйеңіздің жақсылап желдетілуін қамтамасыз ету қажет.

ҚББ-ны ДК корпусына орнату барысында желдеткіш тесіктердің жабылып қалмауына, ал пайдалану процесінде шаң тұрып қалмауына көз жеткізу керек. ҚББ-ны тазартар алдында өзіңіздің статикалық электр тогымен зарядталмағандығыңызға көз жеткізіп алыңыз, содан соң күштік кәбілді ағытыңыз. ҚББ-ны құрғақ шүберекпен немесе шаңсорғышпен тек сыртынан тазалаңыз, бірақ суды немесе химиялық реактивтерді ешқашан жолатпаңыз.

ҚББ-ңыз мен жүйелік блокты жылу көзінен алыс ұстаңыз.

4 pin Molex -> 6 + 2 pin PCI-Express адаптерлерін пайдаланбаңыз.

ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫ

ҚББ жиынтығына мынадай компоненттер кіреді:

- **COUGAR** ҚББ — бекіткіш бұрандалар;
- 220 V қуаттау кәбілі;
- ҚББ қысқаша сипаттамасы;
- 2 кәбіл ұстағыш

COUGAR САУДА МАРКАСЫНДАҒЫ ҚББ-НЫ ДК КОРПУСЫНА ОРНАТУ. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚББ-ны ДК корпусына орнатуға кіріспес бұрын ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ бөлімін мұқият оқып шығыңыз

- ҚББ-ны ДК-іңіздің корпусындағы тиісті бөлікке орналастырыңыз да, жиынтықтағы бұрандалармен бекітіңіз;
- алдымен жүйелік платаның қуаттау кәбілдерін (20/24 pin, 4 немесе 8 pin — платаңыздың типіне қарай) платадағы тиісті жалғамаларға жалғаңыз;
- компьютеріңіздің барлық құрылғыларын, соның ішінде графикалық карталарды ҚББ-ға қосыңыз;
- жүйелік блогыңызды жабыңыз және ҚББ ажыратқышының «0» күйінде тұрғандығына көз жеткізіңіз;
- жиынтыққа кіретін қуаттау кәбілін пайдаланып, ҚББ-ны электр желісіне қосыңыз;
- ҚББ-ны, содан соң компьютеріңізді қосыңыз.

ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ ТАЛАПТАРЫ

- рұқсат етілген жұмыс температурасы: +10°C - +40°C
- рұқсат етілген сақтау температурасы : -40°C - +70°C
- жұмыс істеу кезіндегі (конденсат түзбей) рұқсат етілген салыстырмалы ылғалдылығы: 20%-85%
- сақтау кезіндегі (конденсат түзбей) рұқсат етілген салыстырмалы ылғалдылығы: 5%-95%

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіктің иісі шыққан, ҚББ-ға сұйықтық кірген немесе қуаттау шнұры зақымданған жағдайда, дереу ҚББ-ны электр желісінен ағытыңыз және проблема жойылмайынша, оны қосуға тырыспаңыз.

Егер ДК корпусына жаңа ҚББ орнатылғаннан кейін компьютерлік жүйе қосылмай тұрған болса:

- қуаттау кәбілінің розеткаға/үштармаққа және ҚББ-ға қосылу сенімділігін тексеріңіз, сондай-ақ олардың жарамдылығына көз жеткізіңіз;
- барлық кәбілдердің жүйеңіздің құрылғыларына дұрыс қосылған-қосылмағанын тексеріңіз;
- жүйелік тақтаның қуаттау кәбілдерінің дұрыс жалғанған-жалғанбағанын тексеріңіз;
- жүйеңіздің компоненттерінде қысқа тұйықталудың бар-жоғын тексеріңіз.

Егер ҚББ-ңыз, тіпті, тексеруден және барлық аталған себептерін реттегеннен кейін де іске қосылмайтын болса, **COUGAR** сауда маркасындағы ҚББ пайдаланушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.



ҚББ-да кәдеге жаратылуы тиіс элементтер бар.

Бұл белгіше кейбір материалдардың қайта пайдаланылуы мүмкін екендігін білдіреді.

Өзінің қызмет ету мерзімін атқарған ҚББ-ны кәдімгі қоқыс контейнеріне тастамаңыз.

ҚББ-ны арнайы кәдеге жарату пунктіне апарыңыз.

COUGAR САУДА МАРКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:

Compucase Enterprise Co.,Ltd.

No. 225, Lane 54, An Ho Road Sec. 2 Tainan, Taiwan, R.O.C

+886-6-356-0606

www.cougargaming.com

Пайдаланушыларды қолдау орталығы e-mail: service@cougargaming.com

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ

COUGAR маркасы COMPUCASE компаниясына тиесілі тіркелген сауда маркасы болып табылады.

Осы нұсқаулықта аталған басқа өнімдер мен тауарлар, сондай-ақ компаниялардың атаулары олардың құқық иеленушілерінің меншігі болып табылады. COMPUCASE осы нұсқаулыққа және техникалық сипаттамаларға алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады.

Өнімнің жасалған күні

өнімнің жасалған жылы мен айы өнімнің сериялық нөмірінде көрсетілген, (жасалған күнін анықтаудың 2 тәсілі бар, екі тәсіл де төменде сипатталған)

A S/N-нен кейін: бірінші екі цифр жасалған жылын, екінші екі цифр жасалған айын білдіреді.

Мысалы, S/N: **H1702000001** тауардың 2017 жылы ақпанда жасалғанын білдіреді.

B S/N-нен кейін: егер әріптер көрсетілген болса, онда екі әріп төмендегі кестедегі цифрларды береді және жасалған жылын білдіреді, кейінгі екі цифр — жасалған айын білдіреді.

Мысалы, S/N: **DAG02REV1000001** тауардың 2017 жылы ақпанда жасалғанын білдіреді.

A	B	C	D	E	F	G	H	I	J
1	2	3	4	5	6	7	8	9	0

• Мысалы,
AG = 17 = 2017 жыл



www.cougargaming.com

facebook.com/cougargaming

youtube.com/user/COUGARGLOBAL

www.cougargaming.com